

**Қазақстан Республикасы**  
**Жоғарғы сотының төрағасы**  
**Ж.Қ. Асанов мырзаға**

**Аса құрметті Жақып Қажыманұлы!**

Елімізде азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, олардың заңды мүдделерін қорғау мақсатында жұмыс жасап отырған сот жүйесінің алатын орын ерекше. Бүгінде соттың әділ төрелігімен қаншама азаматтардың тағдыры шешілуде.

Осы орайда мен соттың әділдігіне деген сенімді арта түсуге себеп болған Алматы қалалық сотының (апелляциялық) азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағалық етуші судьясы М.Ш.Мұқатов мырзаға азаматтық істі қараған кездегі құқықтық кәсібилігі және объективтілігі үшін, мен өз атымнан Сіз арқылы үлкен алғысымды білдіргім келіп отыр.

Мен, Г.М.Туякова екі кішкентай баланың анасымын (кішкентай құлыншағым 6 айлық), жас отбасымын. Мемлекеттік қызметте 2006 жылдан бері істеп келемін. Қазақстан Республикасының азаматшасы ретінде 2009 жылдан бері жер телімін алуға кезекте тұрдым. 2012 жылы Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай селолық округінің әкімі кезекті тізім бойынша 5 сотық (0,0500 га) жер телімін уақытша қысқа мерзімге өтеулі жер пайдалану құқығына жер телімін табыс етті. 2014 жылы Боралдай селолық округінің жартысы Президенттің Жарлығы бойынша Алматы қаласының құрамына қосылды. Өзіме тиесілі жер телімінде салған үй жайымда 2015 жылдан бері жанұяммен бірге тұрып келемін. Үй жай тұрғызылғалы бері барлық тиесілі коммуналдық шығындарды уақытылы төлеп келемін. Жер телімі берілген уақыттан, құзырлы органдар маған ешбір кедергісіз жалға беру шартының мерзімін созды, ал 2017 жылы жалға беру мерзімін ұзарту арызымды қанағаттандырусыз қалдырып отыр.

Мен көрші орналасқан жер теліміне кіріп немесе үй-жайым орналасқан жер телімін өздігімнен басып алған жоқпын, ол жер маған құзырлы мекемелердің шешімімен табыс етілді.

Өз Тәукенің заманындағы тура бидің турашылдығымен, бітімгершілдік принциптернің бүгінгі заманда көрніс тапқан Алматы қалалық сотының (апелляциялық) азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағалық етуші судьясы М.Ш.Мұқатов мырзаға алғысым шексіз. Екі кішкентай балапандарыммен далада қалмауыма септігі тигеніне, шынайы әділ шешімі үшін өз ризашылығымды білдіргім келеді. "Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын" деген дана мақалы мен Елбасымыз айтқандай судья мәртебесі деген атаққа лайықты судья деп білемін.

**Г.М.Туякова**